

## **Азаматтардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй-жайларды жекешелендіру жөніндегі заңнаманы қолдану сот практикасы туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 1997 жылғы 18 шілдедегі N 9.

**ХАБАРЛАНДЫРУ** Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіруден шығатын дауларды шешу кезінде соттардың заңдарды қолдану тәжірибесінде туындайтын кейбір мәселелердің түсініксіздігін атай келіп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы соттарға мынадай түсіндірулер беруге қаулы етеді:

**Ескерту. Атауы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді, мәтін бойынша сөздер алмастырылды - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 8 нормативтік қаулысымен.**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі - АҚ), "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң), "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, сондай-ақ заңға тәуелді мынадай нормативтік актілер: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидалары (бұдан әрі - Жекешелендіру қағидалары), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидалары және басқалары қазіргі кезде тұрғын үйді жекешелендіру тәртібін регламенттейтін негізгі заңнамалық актілер болып табылады.

Жалға алушылардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан үйлерді жекешелендіруге арналған заңдарымен белгіленген құқықтары мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың құжаттарымен шектелмейді. Мұндай құжаттар олар қабылданған күннен бастап заңсыз болып табылады және қолданылуы тиіс емес (АҚ-тің 3 бабы 5 тармағы).

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 8; 10.04.2015 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018**

**№ 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

2. Соттар заңды қолдану кезінде Заңды қабылдағанға дейін үй-жай алған азаматтардың орналасқан тұрғын үй-жайын Қазақстан Республикасы Тұрғын үй кодексінің және басқа заң құжаттарында көрсетілген ережелер бойынша жекешелендіруге хақысы бар екенін ескеруі керек.

Азаматтарға заң жүзеге асырыла бастағаннан кейін мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген үй-жайлар онда көрсетілген ретке және шарттарға байланысты жекешелендіруге жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тек қана бір тұрғын үйді жекешелендіруге құқылы. Купондық механизмді қолдана отырып тұрғын үйді жекешелендіру және негізгі тұрғын үйді жалға алушы отбасы мүшесінің бұрын жекешелендірілген тұрғын үйдегі үлесінің елу пайыздан кем болуы кейіннен оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру құқығын іске асыруына кедергі болмайды.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар өзге меншік нысанына ауысқан кезде немесе оларды таратқан кезде кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе мекемелердің жедел басқаруындағы тұрғын үй қоры осы кәсіпорындар мен мекемелердің, өзге де заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларының шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына не жергілікті атқарушы органның қарамағына азаматтардың барлық тұрғын үй, соның ішінде тұрғын үйді жекешелендіру құқықтарын сақтай отырып, белгіленген тәртіппен берілуге тиіс. Сонымен бірге, егер меншік нысанын өзгерткен мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің құқықтық мирасқорлары өз қаражатының есебінен тұрғын үй-жайлар салса немесе сатып алса, онда мұндай үй-жайларды жалдау шарты бойынша онда тұратын адамдар тек меншік иесінің келісімімен жекешелендіре алады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 8, 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулыларымен.**

4. Тұрғын үй-жайды жалдаушы мен отбасы мүшелерінің жекешелендіруден бас тартуына байланысты жекешелендіруді жүзеге асырған соңғылар мен атқарушы органдар арасында азаматтық құқық туралы дау туатынын ескере отырып, мұндай адамдардың өтініштері талап арыз өндірісі тәртібімен қаралады.

Мұндай кезде даудың мәні азаматтардың үй-жайды жекешелендіруге құқығы болып табылатынын ескеру керек, сондықтан мұндай өтініштер беру кезінде мемлекеттік баж салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 610-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мөлшерде алынуы тиіс.

Тұрғын үй-жайдың мұраға берушіге, жату себебі бойынша сондай-ақ үлесті Жалпы бірлескен меншікке бөлу туралы талап қойған мұраға берушінің тірі кезінде тиісінше жекешелендіру құжаттары әзірленбесе, мемлекеттік баж салығы талап арыз беру сәтінде осыған орай дау туған, яғни мүліктік сипаттағы талап арыз кезіндегі анықталған тұрғын үй-жайдың нақты құнына қарай төленеді. (Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 610-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы).

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 8, 2011.12.30 N 5; 20.04.2018 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

5. Заңның 13 бабы 2 тармағына сәйкес жекешелендірілген үй-жай егер келісім шартта басқаша көрсетілмеген болса, алушының және онымен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелерінің, соның ішінде уақытша жоқ адамдардың Жалпы бірлескен жеке меншігіне ауысады.

Осыған орай, соттар нақты істерді қарау кезінде жекешелендірілген пәтерде немесе үйде тұруға хақысы бар барлық адамдарды, олардың жекешелендіру келісім шартына қатынасын анықтауы қажет. Осылармен қатар тұрғын үй-жайды жеке меншікке сатып алуға Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамның ғана кәмелетке толған барлық отбасы мүшелерінің келісімімен бір-ақ рет сатып алатындығы жөніндегі заң талаптарын ескеруі тиіс. Мұндайда жеке меншік иесінің отбасы мүшелері болып табылмайтын және оның тұрғын үйінде жалға алушы құқығымен тұрып жатқан азаматтар жеке меншігіне жекешелендіру тәртібімен мемлекеттік тұрғын үй-жай қорынан алынған үйді Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шарт пен тәртіп бойынша алуға хақысы бар.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. Тұрғын үй-жайды оны пайдаланушының бірінің меншігіне беру келісім шарттың дұрыстығы туралы дау туған жағдайда мүдделі адамдардың талаптары бойынша мұндай үй-жайға құқық беретін құжаттарды сот мәміленің заңсыздығын тану үшін азаматтық заңдар белгілеген негіздер бойынша толық және жекелей заңсыз деп тануы мүмкін. (АК-тің 4 тарауы).

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. Жекешелендіру қағидаларының 7-тармағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген өздері тұратын тұрғын үйлерді меншігіне өтеусіз алатын тұрғын үй құқық қатынастарының субъектілері көрсетілген. Осындай жеңілдіктері бар адамға ғана жекешелендіру туралы шарт ресімделеді. Мұндай жағдайларда жекешелендірілетін үй-жай кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен аталған жеңілдікті пайдаланатын адамның және оның отбасы мүшелерінің ортақ бірлескен меншігіне

өтеді. Жекешелендірілген үй-жайдың иесі жекешелендіру туралы шартқа енгізілмеген адамдарды өз қалауы бойынша тұрғын үйден шығара алмайды.

Мұндай дауларды шешу кезінде шығаруға қарсы адамдардың пікірлері мен қарсылықтарын анықтай отырып, соттар жеңілдікпен пайдаланатын отбасы мүшелерінің атына меншік құқығын рәсімдеуге келісім бергендердің жағдайы мен жайын тексеруі тиіс.

Қажетті жағдайларда, жекешелендіруден бас тарту кезінде азаматты адастыруға алып келсе немесе өзінің іс-әрекетінің мәнін түсінуге мүмкіндігі жоқ болса немесе меншік иесі мұндай бас тартудың шарты жөніндегі келісімді бұзса, соттар азаматтарға тұрғын үй-жайды жекешелендіру жөніндегі бекітілген келісім шартты заңсыз деп тану жөнінде қарсы талап арыз беру құқығын түсіндіруі тиіс.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. Жалға алушымен бірге тұратын және оның отбасы мүшелері болып табылатын кәмелетке толмаған адамдар Заңның 22 бабына сәйкес тұрғын үй-жайды жалға алу келісім шартымен туындайтын тең құқыққа ие болғандықтан, олар тұрып жатқан үй-жай жекешелендірілген жағдайда кәмелетке толған адамдармен (пайдаланушылармен) бірдей осы тұрғын үй-жайға Жалпы бірлескен меншіктің қатысушылары бола алады.

Тұрғын үйді жекешелендіру жөніндегі органның өтініштерді қанағаттандырудан бас тартуы немесе даулы үй-жайдың меншік иелерінің бірі отбасының кәмелетке толмаған мүшесін жекешелендіру келісім шартына енгізуге келіспеген кезде немесе кәмелетке толмағандардың мүддесін білдіретін ата-анасының немесе басқа адамдардың жекешелендіру келісім шартын заңсыз деп тану жөнінде сотқа осындай талап арызбен баруға қақысы бар.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

9. Жекешелендірілген тұрғын үй-жайдың меншік иесі болған азаматтар АҚ-тің (жалпыалпы бөлімі) 188 бабына сәйкес оны басқа адамдар және мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін бұзбастан оны өз бетінше иеленуге, пайдалануға және қожалық етуге хақысы бар.

Осыған орай жекешелендіру тәртібімен сатып алынған тұрғын үй-жай осында тұрып жатқан азаматтардың Жалпы меншігіне өтетіндіктен, мұндай меншіктің бір бөлігінің оның қатысуымен берілуі тек осы үйге үлестік меншік белгіленгеннен кейін ғана мүмкін екендігін соттар ескеруі тиіс. Жекешелендірілген пәтердің Жалпы үлестік меншігіне қатысушының өз үлесін басқа адамға сатуы, басқа меншік иелері артықшылықпен сатып алудағы өз құқығынан бас тартқан немесе осы құқықты АҚ-тің 216 бабында көрсетілген мерзімде жүзеге асырмаған кезде ғана мүмкін.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Азаматтардың Жалпы меншігіне жекешелендіру тәртібімен берілген тұрғын үй-жайды айырбастау тек барлық Жалпы меншікке қатысушылардың келісімімен ғана мүмкін.

11. Заңның 29-бабына орай (меншік иесінің еркінен тыс) тұрғын үйге меншіктену құқығын тоқтату заң құжаттарында көрсетілген шарттар және тәртіп бойынша меншік иесінің міндеттемелері бойынша тұрғын үйді жер учаскесімен бірге алып қоюға, мемлекет мұқтажы үшін үй орналасқан жер учаскесін алып қоюға, (сатып алу), реквизициялауға және тәркілеуге, сондай-ақ АҚ-де көрсетілген басқа жағдайларға орай жолығудан басқа кезде жіберілмейді.

Басқа меншік иелерінің меншікке қатысушыларға олардың заттай үлесі орнына ақшалай сомамен немесе басқа өтемдермен өтеу жолымен тұрғын үй-жайға Жалпы бірлескен меншіктің тоқтатылуына байланысты нақты істерді қарау кезінде соттар мұндай төлемнің меншік иесінің келісімімен ғана жіберілетінін ескеру керек.

Меншік иесі үлесінің ақшалай сомамен немесе басқа жолмен өтелуінің мүмкіндігі және меншік иесінің келісімінсіз-ақ немесе сот шешімі бойынша Жалпы мүліктің көпшілік сауда орнында сатылатыны, бұдан әрі түскен сома Жалпы меншікке қатысушылар арасында олардың үлес мөлшеріне қарай бөлінетіні АҚ-де (218 бап) қарастырылған.

Жекешелендірілген пәтерді (үйді) бөлу жөніндегі дауларды қарай отырып, егер тиісті меншік иесінің үлесі болмашы және нақты бөлуге болмайтын болса, немесе үлесі бөлінетін меншік иесі жалпы мүлікті пайдалануға айтарлықтай мүдделі емес болса, және ол даулы тұрғын үй-жайда тұрмайтын басқа тұрғын алаңымен қамтамасыз етілген болса, сондай-ақ егер Жалпы мүлікті бөлудің қисыны жоқ болса, соттар меншік иесінің үлесін ақша түрінде бөліп бере алады және соңғысы келіспеген кезде көпшілік сауда орнынан сату жөнінде шешім шығара алады.

Өтемақы алғаннан кейін меншік иесі жекешелендірілген тұрғын үйдегі үлесі құқығынан айырылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**12. Алынып тасталды - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 8 нормативтік қаулысымен.**

13. Заңның 13 бабы 6 тармағына сәйкес, бірнеше адам тұратын үй (пәтер) тек қана жалға алушылар мен олардың отбасыларының кәмелетке толған мүшелерінің келісімімен жекешелендіруі мүмкін. Мұндай жағдайда тұрғын үй (пәтер) барлық жалға алушының Жалпы үлестік меншігі болады. Тұрғын жайды заңның аталған талаптарын бұза отырып жекешелендіру АҚ-тің 157 бабында көрсетілген салдарға орай келісім шарттың заңсыздығын тануға апарып соғады. Мұндай дауларды шешу кезінде

жекешелендіру келісім шартына өзгертулер енгізу келісім шарттың заңдылығына дау тумайтын жағдайда, тараптардың келісімі немесе олардың кейбірінің талап етуі бойынша АҚ-тің 401, 402 баптарында көрсетілген шарттар мен ретті сақтау кезінде ғана орын алатынын ескеруі тиіс.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

14. Жекешелендіру қағидаларының 12-тармағына сәйкес, тұрғын үйді жекешелендіру туралы шешімді мыналар қабылдайды:

коммуналдық тұрғын үй қорынан - жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй комиссиялары;

мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан - мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй комиссиялары;

мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан - мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй комиссиялары.

Тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережені тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

Жекешелендіру тәртібімен тұрғын үйді меншікке сатып алу үшін тұрғын үй комиссиясының қарауына ұсынылатын құжаттардың тізбесі Жекешелендіру қағидаларының 14-тармағында айқындалған, онда тұрғын үй комиссияларына Жекешелендіру қағидаларында көзделмеген қосымша құжаттарды талап етуге тыйым салынған.

Тұрғын үй комиссиясының тұрғын үйді жекешелендіруден бас тартуына негіз болған Жекешелендіру қағидаларының 16-тармағында көзделген талаптар түпкілікті болып табылады.

Азаматтар, егер:

Қазақстан Республикасының аумағында меншік иесі құқығында өзге тұрғын үйі болса, бұл ретте тұрғын үйдегі үлесінің елу пайыздан кем болуы ескерілмейді;

Қазақстан Республикасының аумағында ипотекалық тұрғын үй займы шарты бойынша міндеттемесі болса;

жекешелендіруге жүгінген сәтке дейін соңғы бес жыл ішінде оларға меншік иесі құқығымен тиесілі тұрғын үйді иеліктен шығарса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіре алмайды.

Азаматтың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй-жайды жекешелендіру құқығы болған жағдайда және уәкілетті мемлекеттік органға арыз беріп, мұра қалдырушы шарт жасауға өз еркін білдірсе, арызын кері қайтарып алмаса және өзіне байланысты емес себептер бойынша шартқа қол қоймаса, ол қайтыс болған жағдайда сот мұрагерлердің қойған талабы бойынша олардың жекешелендіру құқығын

танитындығы соттарға түсіндірілуі тиіс. Соттың қойылған талапты қанағаттандыру туралы шешімі мемлекеттік органға заңнамада көзделген тәртіппен мұрагерлермен жекешелендіру шартын жасауға негіз болып табылады.

Осы тұрғын үйді жекешелендіру тәртібі қайтыс болған (қаза болған) адамның отбасы мүшелеріне көшетіндіктен, аталған жағдай мұрагерлердің қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйді жекешелендіру құқығын жоймайды.

Иесіз қалған мүлік ретінде мемлекетке тиесілі тұрғын үйдің бөлігін заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен оған басым құқығы бар осы тұрғын үйдің басқа бөлігінің меншік иесі жекешелендіре алады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

14-1. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беруге жол беріледі.

Аталған мүлікті беру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасымен айқындалады.

**Ескерту. Нормативтік қаулы 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

15. Заңға сәйкес қызметтік үй - мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындауы кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимдегі тұрғын үй.

Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйлерден басқа қызметтік тұрғын үй қатарына енгізілген тұрғын үй-жайлар жекешелендіруге жатпайды.

Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйдің құқықтық режимі коммуналдық тұрғын үй қорынан мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан осы мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлеріне берілетін қызметтік тұрғын үйдің құқықтық режимінен басқаша болады. Сондықтан қызметтік тұрғын үй-жайларды жекешелендіруден туындайтын дауларды қарау кезінде соттар тұрғын үйдің құқықтық мәртебесін анықтауға тиіс.

Осы ретте қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйді жалға алушылар өздері тұратын үй-жайларды меншік иесінің келісімімен белгілі бір жағдайларда жекешелендіруге құқылы екенін ескеру қажет (Заңның 101-бабы және Жекешелендіру қағидаларының 3, 4, 5-тармақтары).

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 10.04.2015 № 2 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Жекешелендірілген тұрғын үйдің Жалпы бірлескен қатысушысына оның үлесі болып табылатын жеке пәтерді бөліп беру, оған тиесілі үлесін жеке бір біріне тыс тұрғын бөлме түрінде, қосалқы бөлмелерді бірлесе пайдалану құқығын бере отырып, бөліп бере алатын кезде ғана мүмкін.

Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Пленум хатшысы,  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы